

ҚР Білім және Ғылым министрлігі.
Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы
«Шыпан» орта мектебі.

Тақырыбы: Қырық қақпалы Қарашық»
қаласының зерттелуі.

Секциясы: Тарих

Орындаушы : 11- сынып оқушысы *Кенжаев Эркин*

Ғылыми жетекшісі : тарих пәнінің мұғалімі *Юлдашева
Замира*

Ғылыми кеңесші : «Археология және этнология» т.ғ.к. доцент
Ғани Искаков

Түркістан 2009жыл.

Мазмұны.

I. Кіріспе.....	3-5
1.Қарашық қалашығының зерттелу тарихы.	
II. Негізгі бөлім.....	5-17
1.1Қаланың құрылысы.	
2.« Орта ғасырлық Қарашық» қаласының зерттелуі.	
2.1. Цитадельдегі қазба.	
2.2. Рабаттағы қазба.	
2.3. Шаруашылық қазба.	
2.4.Қазба кезінде табылған заттар.	
III.Қорытынды.	18
Пайдаланылған әдебиеттер.....	20

Кіріспе.

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын жинаған тәжірибесін баяндайды.

Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды.

Әлемде өлшенбейтін еш нәрсе жоқ. Бәрі өлшемді. Заттың салмағын, көлемін, ыстық-суығын өлшейтін өлшеуші құралдары бар.

Ал тарихты, тарихи уақытты қалай, немен өлшеуге болады? Бұған ол өткен уақытпен өлшенеді деп жауап беруге болады. Олай дейтініміз адам баласының басынан кешкен оқиғаларды оқушыға түсіндіргенде нақты бір өткен оқиғаны атап айтып, ол оқиға пәлен жылы болды, содан бері көп жылдар өтті дейміз. Демек, тарихтағы уақыт жыл, ғасыр, шыншылдық деген өлшемдермен өлшенеді. Тарих үнемі бір бағытта дамып отырады. Яғни, дүниеден өткен адамдар өмірге қайтып келмейді. Сол сияқты бұрын болып өткен қоғамдық құрылымдар да қайта оралмайды.

Адамзаттың осы жүріп өткен ұзыннан-ұзақ өмір жолы тарих деп аталатыны белгілі. Әрбір тарихи кезеңде өмірге келген жаңа ұрпақ өзінен бұрын өмір сүрген ата-баба тарихын зерттеп білуге, содан өзіне сабақ алуға үнемі ұмтылып келеді. Ол үшін қандай тарихи оқиғалар қашан болды, ол кезеңде қандай тарихи тұлғалар өмір сүрді, олардың басынан кешкен тарихтан бізге үлгі - өнеге болар не бар деген сұрақтарға жауап іздейді.

Әбу - Насыр Әл-Фараби айтқандай: «Тарихты - білмей, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын». Осы дана сөздерін ескере отырып біз де өз ауылымыздың тарихын және Қарашық қалашығының тарихын білуді өз алдымызға мақсат етіп қойдық.

Біздің өлкеміздің өзіне лайық тарихы бар. Өлкеміздің тарихи жерлерінде көптеген төбелер кездеседі. Әрбір төбенің өзіне лайық тарихы бар.

Біз осы мақсатқа орай «Жас археологтар» ұйымын құрып, көптеген табыстарға қол жеткіздік. Қытай жазбаларында Кангюидің «Шы» деген қала туралы дерек бар. Онда: «Шы» келесі Кюша /Гейшуана/ Думо өзенінің оңтүстігінде жатыр. XX ғасыр басында осы Кангюй проблемасымен айналысқан зерттеуші Броников «Шы» қаласы мен Сусе хандығының бір екендігін жазған. Сусе иелігінде

Түркістаннан өзге Сусе-Сухо-Шыға сай келер қала жоқ. Қытай жазбаларында «Шы» иелігінің орталығы Думо өзенінің оңтүстігінде он ли жерде, қорғанның аумағы екі ли», -деп жазылған. Түркістан қаласының жағрафиялық жағдайын ескерер болсақ, онда мынаны байқаған болар едік. Түркістан қаласының солтүстігінде бірнеше шақырым жерде Қарашық өзені ағып жатыр, ал қаланың оңтүстік батысында көне Шавгар қаласының орны «Шойтөбе» бар. Қытай жазбаларында Думо өзені қазіргі Қарашық өзеніне, орталығы Шойтөбе -көне Шавгар қаласы сай келетінін көреміз. «Шы» сөзінің қазақша аудармасы -тас. Ал Шухоцев «Шавгар» сөзінің Қаратау деген мағынаны беретінін айтады.

Ата-жұрт, Отан мағынасын тереңдеп ұғынып, ата-бабаларымыз ел-жұртын қадірлеп, құрметтеп, оған мейір-шапағатын төгіп, мақтан тұтты. Отанды көз қарашығындай қадір тұтып, оны дұшпандардан қорғап, оған өз үлесін қосуға міндетті. Жастарды халқымыздың ерте замандардан бергі ел- жұртқа шексіз махаббатын қадірлеп, оның бостандығы үшін күресіп келгендігін жеткізу керек. Өткен тарихымыздағы халқымыздың салт-дәстүрлерін ардақтауға тәрбиелеу, тарихи дамуымыздағы жұмыстарды жалғастыруды жастарымызға ұғындырып баяндау керек. Ғылыми жұмыстың мақсаты өз өлкеміздің өмір сүру тарихын, гүлдену кезеңдерін, басынан кешкен тарихи кезеңдерінің мазмұнын кейінгі ұрпақтарға баяндай отырып, туған жерді бағалай білуге баулу және Отаншылдық сезімін ояту.

Негізгі бөлім.

Тарихи оқиғаларды хронологиясыз, археологиясыз, этнографиясыз түсіндіру тарихты жетік ұғынуға кері әсерін тигізеді. Археология тарих ғылымының саласы, алғашқы қауымнан, көне заманнан, орта ғасырдан қалған заттай ескерткіштерді зерттеу арқылы адам қоғамының өткендігі тарихын анықтайды.

Археология материалдар негізінде Орта Азия мен Қазақстанның көне мәдениеті туралы деректер ашылды.

Археологиялық карталар – археология, архитектура мен көркемөнер ескерткіштерінің белгілі бір аймақта орналасуын көрсететін карталар.

Археологиялық ескерткіштер картаға алғаш рет ХІХ ғасырларда түсіріле бастады. ХХ ғасырларда арнаулы карталар жасалды.

Археология қазбалар – көне заман мен орта ғасырлардан қалған мәдениет ескерткіштерін, жан-жануарлардың сүйектерін қазу, зерттеу жұмыстары. Зираттар қазылғанда топырақтан үйілген обаның құрылысы, қабірдің қабырғасы, өліктің сүйегі зерттеуге алынады. Көне мекендерде ғасырлар бойы пайда болған мәдени қабаттарды мұқият зерттеу хронологиялық дерек береді.

Археологиялық мәдениет - әр алуан аймақта белгілі бір дәуірден қалған археологиялық ескерткіштерді жергілікті ұсақ сипаттарына қарай топтан атауға қолданылатын термин.

Алғаш рет қала аталуы ХІ ғасырда Махмұд Қашқари сөздігінде оғыз қалаларының тізімінде кездеседі. Кейінірек ХVІІ ғасырдағы орыс жазбаларында Бұхараның жолындағы қала ретінде көрсетіледі. Қала атауы қазіргі күні Қаратаудан бастау алатын Қарашық деген өзеннің атымен сақталған. Түркістаннан оңтүстікке қарай 10 шақырым жерде екі қалашық бар. Бірі өзеннің оң жағалауында орналасқан, ол б.э. І ғасырлары мен ХІІІ ғасыр аралығында өмір сүрген. Екіншісі өзеннің сол жағалауында, бірінші қалашыққа қарама-қарсы тұрған қала. Археологтар оны ХІV -ХVІІІ ғасырларға жатқызады. Қарашық қаласына сәйкес келетін осылар. Олар біріншісі Төрткүл І орта ғасырлық Қарашық, екіншісі Төрткүл ІІ кейінгі орта ғасырлық Қарашық қалаларына сәйкес. Ал ХІ ғасырда Шабғар қаласының атауы тарихи және географиялық шығармасында кездеспейді. Бірақ бұл қаланың жоғалып кеткенін білдірмейді. Қала басқа атаумен өмір сүруін жалғастыра берген. Егер «Шабғар» атауының этимологиясын талдап қарар болсақ мамандардың

пікірінше, ол-соғды тіліне өткен серон сөзі яғни «Қаратау» дегенді білдіреді. Түркі тілінде бұл сөз «Қарачук» Фарабтың атауы-оғыздар қаласы дегені еске түседі. Демек Махмұд Қашқари шығармасындағы Қарачук «Қарашық» қаласы деп болжауға болады. Сонымен Ат-Табары, Әл-Мадиси және Әл-Идриси көрсеткен Шабғар қаласы Махмұд Қашқари айтқан Қарачук қаласы өзенінің жағасындағы Төрткүл I қалашығы деген орнықты пікір бар. Ал кейінгі орта ғасырлардағы қарашық Хафиз танышпен XV-XVIII ғасырлардағы орыс деректеріндегі Қарашық өзенінің сол жағындағы Төрткүл II қалашығына сәйкес келеді. Төрткүл I қалашығы Қарашық өзенінің оң жағалауынан солтүстік-батысқа таман 600 метрдей Түркістан қаласынан солтүстікке қарай 10 шақырым жерде орналасқан қалашықтың ішкі қамалы және қабырға бойындағы мұнаралардың қалдықтары сақталған шахристаны бар. Қалашықты жан-жақтан рабат қоршап жатыр. Төрткүл I қалашығына жүргізілген қазба жұмыстары жоғарғы қабатта орналасқан. Ол XIII-XIV ғасырларға жататын тұрғын жайлар. Ал төменгі қабаттағы тұрғын-жайлар X-XII ғасырларды көрсетеді. Төрткүл I қалашығының орнындағы қала өмірінің X-XIII ғасырларда жандана түскендігіне көптеп табылған қыш бұйымдары, әйнек және металл сынықтары дәлел бола алады. Осылайша Төрткүл I ескерткішінің орналасқан жерінен табылған заттар оның атауы туралы деректер қалашық және келесі қалашыққа сәйкес келетініне негіз болады. Махмұд Қашқари Тарбанд аймағына қарасты Фараб пен Шабғарды біріктіретін қаланың бұрынғы атауы Фараб екенін атап көрсетеді.

Қазіргі Түркістан қаласының байырғы тарихын зерттеу тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Түркістанның араб-парсы жазбаларындағы көне аты-Шабғар. Онда VIII ғасырдағы оқиғаларға байланысты тек екі қаланың ғана аты аталады. Олар: Шабғар мен Тарбанд. Ат-Табари жазбаларында Шабғар билеушісінің Абу Муслимге қарсы көтерілісін жазса, Йақұт жазбаларында Шабғар Түріктер қаласы делінген. Шабғар қаласының қазіргі Түркістан қаласына сай келетінін көптеген зерттеуші ғалымдар мойындайды. «Шабғар» сөзінің көне түрік тіліндегі баламасы-Қаратау. Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат ат-Түрік» атты еңбегінде: «Қарачук-Фарабтың басқа аты»-делінген. М.Қашқари сөзіндегі топонимикалық дерек мәселесімен шұғылданушы

К.Миллер, А.Герман, Х.Хасанов, Т.Чороев сияқты ғалымдар «Қарачук» сөзінің «Қаратау» деген мағына беретіндігін айтады. Ал

Молла Мұхаммед Садық Сапарбекұлының «Түркістан баяны» атты қолжазбасында Қожа Ахмет Яссауидің «Қырық қақпалы Қарашық Азим қаласына келгендігі» жазылады. Бұдан араб-парсы жазба деректеріндегі «Шабғар» қаласының түрікше аты Қарашық екенін көруге болады. «Шабғар» сөзінің мағынасына байланысты В.Шуховцовтың пікірінің дұрыстығын деректер де айғақтап отыр. Бұл жерде қытай жазбаларындағы «Шы-мен» мағынасының байланысы бар екенін көруге болады. Осыған байланысты мынадай тізбек құруға болады; «Шы-Шавгар-Қарачук».

Бірақ қазір тарих ғылымында Шабғар мен Қарачук екі қала деген пікір қалыптасқан. Археолог ғалымдар Қарачук қаласының орны деп Түркістанның солтүстігінде 5 шақырым жерде Қарашық өзені жағасындағы қалашықты айтады. Алайда археолог Е.Смағұлов Шабғар атауының бізге соғды тіліндегі формасында жеткенін, соғдылықтарға дейінгі сак /алан/ тілінде де Sawjar «Қаратау» аталған және оның көне Канг сактарының киелі орталығымен байланысты айтылғанын жазады. Бірақ, автор Шавгар-Қаратау-Қарачук арасында тікелей байланыс барлығына, әрі түрік халықтарының тарихи тағдырындағы Қарачук орнының қаншалықты терең екендігін ескермейді. «Оғыз қаған» дастанында Салыр Қазанды «Қарашықтың қабыланы» деп жырласа, қазақ жыр-дастандарында «Қырық қақпалы Қарашық» деп атайды. Кейбір деректерге қарағанда күй атасы Қорқыт та осы Қарачук қаласында дүниеге келеді.

«Қарачук» атауы соңғы рет XIII ғасыр ортасында армян патшасы Гетумның Бату мен Мөңке хандар ордасына барғаны туралы жазылған армян деректерінде кездеседі. Ал Шабғар атауы болса, XII ғасырдан бастап құлдырауға ұшырап XII ғасырда халық ол жерді түгелімен тастап көшіп, Яссыға ауысады. Жалпы археологиялық зерттеу жұмыстары бұл пікірдің дұрыстығын растайды. Бірақ қаланың орталық қамалында болмаса, оның айналасына халықтың XIV-XV ғасырға дейін өмір сүрмегендігін де «Шойтөбе» маңынан табылған керамикалық материалдар айғақтап отыр. Оған қоса қазір Түркістан қаласы мен Шойтөбе арасында сол IX-X ғасырларда жүргізілген су құбырларының бір болуы, көне Қарачук /Шабғар/ мен Яссы бір-бірінен бөлек қалалар еді деген пікірдің онша дұрыс еместігін көрсетеді. Ол ауылымыздан 5-6 шақырым оңтүстік - батыста орналасқан «Төрткөл» немесе, «Қырық қақпалы Қарашық» төбесі. 2001 жылғы қазан, қараша айларында Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік университетінің Археология ғылыми-

зерттеу орталығының Тұран археологиялық экспедициясы (ТАЭ) Қарашық 1 қаласының тарихи-топографиялық құрылымын зерттеуді қолға алып, археологиялық қазба жұмыстарын бастады.



Қазба жұмыстарынан кейінгі қаланың көрінісі.

Қарашық қаласы жазба деректерде алғаш рет М.Қашқарида кездеседі. Ол қала туралы былай деген: «Қарашық - Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарының атауы». XIII ғасырдың ортасында бұл қаланы Кіші Армения патшасы Гетум атап өткен. Түркістан қаласы маңында «Қарашық» деп аталатын жер «Насаб - Намада» және «Шараф-нама-йи-шахиде» кездеседі. Төбенің аудан көлемі шамамен 800-1200 м² және батыстан -шығысқа дейін ұзарып кеткен. Орташа биіктігі 15-20 м. Ауылымызда тұратын қариялардың айтуы бойынша, бұл төбе туралы үш аңыз әңгіме бар.

Бабатаев Тожихон атамыз былай дейді: «Менің жастық кезімде, сол жерде достарым мен барып шөп оратын едік. Күндердің бірінде бір ыдыстың бетін көрдім, оны қазып алып қарасам үлкен ыдыс екен. Бірақ алып жатқанда ыдыс сынып кетті. Ал ішінде күнге ұқсас бір нәрсе бар екен. Мен одан бір қысым алып, ауылымыздағы Қоряғды

атаға көрсеттім. Ата маған сол нәрседен көбірек алып кел деді. Бұл күл дегеніміз күміс болып шықты» - деп әңгімесін аяқтады ата.

Және бір әңгімеге назар салсақ, Исаев Құдяр ата былай дейді: «Ежелгі Түркістанда бір хан болып, оның үлкен саудагері болған екен. Ол Қытай сапарынан қайтуда 2 әйнек ала келеді. Бірі қолда ұстайтын, екіншісі іліп қоятын екен. Саудегер қолда ұстап тұратын әйнекті өзінің қызына, ал іліп қоятынын ханның қызына береді.

Сол кезде саудегерге қарсы болған ханның бір адамы «Саудагер өзінің қызына қолда ұстайтын әйнекті берді, сіздің қызыңызға іліп қоятын әйнекті берді» - деп ханды саудагерге қарсы қояды және оған жаза беруді айтады. Бұны естіген хан дереу саудагердің басын алып келуді бұйырады. Саудагердің ханның қолында істейтін бір адамы болып, ол хан мен саудагерге қарсы болған адамдың әңгемесін барып саудагерге айтады. Бұны есіткен саудагер керуенін жинай бастайды. Таң атқанша басқа жаққа кетіп қалады. Хан әскерлері ертесіне келіп қараса, керуен жоқ екен. Убайдуллаев Икром хажы ата былай әңгімелейді. Ол жерде бір бай өмір сүрген болып оның өте көп байлығы болған екен. Сол байлығы арқылы хандық құрады. Үлкен қала құрып оның 40 қақпасы, 40 мыңнан аса әскері болған екен.

Қаланың бір шетінде үлкен мұнара құрдырады. Бұл мұнараның үстінде ханның қызы отырып, айналаны күзетіп отыра тұғын. Күндерден бірінде бұл хандықтың байлығы туралы әңгіме Қалмақ ханына жетіп барады. Қалмақ ханы бұл хандықты басып алмақ үшін хандыққа қарай жол алады. Хандыққа жетіп қалған соң, әскерлерінің ішінде бір данышпаны бар еді. Ол үстіне малдың терісін киіп алып, бір тостақта ұн шашып, мұнараға қарай жөнеледі. Яғни, ол ханның қызын алдап, өтіп кету үшін солай жасайды. Төбеде отырған қыздың көзіне бір құс ұшып кеткендей болып көрінеді. Қызды алдап өтіп кеткен жігіт, көргенін қалмақ ханына барып айтады. Кеш болған қалаға 40 түйеге жүк артылған керуен кіріп келеді. Олар ханның күзетшілеріне саудегерлер екенін, осы жерде түнетуін сұрайды. Күзетшілер ханға хабарды айтқанда, хан рұқсат береді. Сонан соң «саудегер» қалмақ әскерлерімен қала ішіне 40 түйеге артылған керуенімен кіріп келеді. Кешке хандықтағы халық жатуға бет алады. Хан қызынан келіп, қандай жаңалық болғанын сұрайды. Қыз бір құс ұшқандай болғанын айтады. Қаладағы барлық халық ұйқыға кеткен кезде, қалмақ әскерлері бірін кейін- бірі түйедегі сандықтан шығады. Содан соң олар хандықтағы бүкіл халықты қырып тастайды. Ханның қызы бұны сезіп қалып, қашып кетеді.

Қашып барған жері, сол қалаға жақын болған, қазіргі «Құмтүйін» ауылы екен. Сол әңгімелерге қарай бұл төбе «Қырық қақпалы Қарашық», «Төрткүл» деп аталады. Сондай-ақ бұл қала қалмақтар тарапынан ойрандалып, жойылып жіберілген деп айтылады.

«Жергілікті маңызы бар Оңтүстік Қазақстан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен орын алған Төрткүл I Төрткүл II қалашықтары туралы мәлімет бар. Онда Төрткүл төбенің (Қарашық қалашығы) Қарашық ауылының аумағында орналасқаны және археологиялық ескерткіштердің бірі екенін көреміз.

«Көнеден жеткен жәдігер қала» деп аталған қаламыз Түркістан туралы мәліметтерге қарап бұл Қарашық қаласы туралы көптеген сұрақтарға жауап табамыз. Түркістанның тарихы - тамыры терең тарих. Қала айналасындағы аймақта табылған тас дәуірінің ескерткіштері алғашқы адам бұл жерді 500 мың жыл бұрын мекен еткенін көсетіп отар. Қала төңірегінен қола дәуірінің қоныстары мен құрал-саймандарының көптеп табылуы б.з.б.2 мың жылдықтан бастап бұл аймақта Қазақстанның басқа жерлеріндегідей «Андронов мәдениеті» деп аталатын көшпелі-отырықшы тайпалардың мәдениетінің кең тарағанын білдіреді. Кейінгі дәуірлерде Түркістан қаласы орналасқан Сырдың орта ағысы аймағын көне парсы деректерінде «сака» деп атаса, ең көне жазба ескерткіштердің бірі «Авеста» кітабында бұл жерлерді «тура» тайпалары мекендегенін жазады. Осыдан келіп сақ, тұр тайпалары мекендеген өлке «Тұран» деп аталған. Түркістан қаласының әуелгі атауы осы сақ тайпасының атауымен байланысты. ХҮІІ ғасырдың белгілі тарихшысы Махмуд-ибн Уалидің «Қазіргі Түркістан, бұл Сакси қаласы, қара халық оны Иасы деп атайды» - деген сөз бұл пікірімізді қуаттайды.

Ертедегі Сакси-Иасының орны қазіргі Күлтөбе деп аталатын ескерткішпен байланыстырылады. Ал қала төңірегінде біздің заманымыздың басында негізі қаланған Сидак ата, Шөйтөбе, Қарашық, Төрткүл төбе деп аталатын қоныс-қалашықтарының орны бар. 1103 жылы Испиджап (Сайрам) қаласында дүниеге келген Ахмет жастайынан ғылым-білімге құмар болып өседі. Сол кездегі ғылыммен өнердің ірі орталығы саналатын Бұхара шаһарында жан-жақтан білім алып, діни оқудың шыңына шығады. Оның бүкіл дүниетанымы ислам дінінің сопылық ағымын дамытуға бағытталады. Көк Тәңірісіне табынған түрік халықтарының наным-сенімі мен салт-дәстүрлерін Құран қағидаларымен ұштастыру арқылы ол түрік

халықтарының арасында ислам дінінің орнығуына өлшеусіз ықпал жасады. Өзінің дүниетанымдық жүйесін «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) атты жинағында топтаған. Осы мәліметтерге қарап Қарашық қаласының үлкен қала болмаса да, беделді қалашықтардың бірі болғандығын білеміз. Қоныс-қалашығы деп аталғандай бұл қалашыққа, басқа қаладан келген саудагерлер сауда жасаған. Одан басқа бұл жерден өткен жолаушылар демалып, аялдайтын жер болғандығын білеміз. Ортағасырлық қалалар да сол кезде Ұлы Жібек жолы арқылы сауда жасап байланыста болғанын білеміз. Осыған қарап Қарашық қалашығыда Ұлы Жібек жолындағы қалашық және саудамен айналысқан қалалардың бірі деуге болады. Ал Ұлы Жібек жолына келер болсақ, Ұлы жібек жолы Еуропа мен Азияны байланыстырады. Евразияны бөліп Қазақстан аумағын басып өтетін Ұлы жібек жолының тарихы өте ертеден басталады. Ұлы жібек жолы – Жерорта теңізі маңындағы батыстың мәдениеті дамыған өркениетті елдерінен Қытайға дейін баратын сауда – керуен жолы б.з.б. II ғасырда сауданың дипломатиялық басты жолы ретінде аты шығады. Ұлы жібек жолы ең алғаш рет Алтай, Пами, Тянь-Шань Сырдария, Амудария жерлерімен өткен. Жібек жолының тармақтары V-VII ғасырларда Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерлерін қамтыған. Ал Байпақовтың 7-8-сыныптарға арналған Қазақстан тарихы кітабында Жібек жолының бойындағы қалаларға көптеген қалаларды кіргізген. Олар: Тараз, Баласұған, Бұхара, Самарқан, Сайрам, Сауран, Төткүлтөбе (Қарашық қаласы) Отырар, Сығанақ, Мерв, Талхиз, Үргеніш, Испиджап, Шаш, Весидж, Шауга т.б. ортағасырлық қалалар. Кейіннен XIV ғасырларда Жібек жолының саяси-экономикалық маңызы артқан. Жібек жолы Қазақстан мен Орта Азияда мәдени-экономикалық жағдайдың өрлеуіне ықпал етті. Жалпы, жібек жолымен 2000 жылдан астам уақыт бойы сауда керуендері жүрген. Жібек жолы – сауда жолы ғана емес, көшпелі, отырықшы халықтар мәдениетінің даму, таралу жолы болып табылады. Осы Ұлы Жібек жолы мен Төрткүл төбенің байланысына келер болсақ, біздің осы ортағасырлық қаламыз Жібек жолы арқылы дүниеге келген десек те болады. Олай деуге де себеп бар. Осы қалаға байланысты аңыз-әңгімелердің бірінде айтылып өткендей бұл қаланы бір бай саудагер құрған делінген. Ол саудагер басқа қалалармен сауда жасап сол арқылы өз хандығын үлкейтіп отырған. Ал оларды саудагер болып жасырынып келген Қалмақ әскерлері қырып тастайды. Содан бері бұл жер төбе болып қалған. Бұл жерді қазіргі уақытта «Атрабат» деп

атайды. «Атрабат» сөзінің мағынасына келер болсақ «Ат»-жылқы, ал «рабат» дегеніміз «Жолдағы аялдама», «Жол үстіндегі меже» немесе «Мехманхана» яки «Кеуен сарай» деген мағынаны білдіреді. Ал «бат»-сөзі көне соғды тілінде «мекен - жай» дегенді білдіреді. Осыған қарап бұл жердің «Атрабат» -деп аталуында да үлкен бір мағына бар. Бұл жердің сауда жасайтын үлкен бір қаласы яки болмаса сауда жолындағы қоныстайтын, аялдап демалатын орын болғанын білуге болады. Төрткүл төбеден көптеген әртүрлі оюлармен безендірілген бұйымдар табылған. Соған қарап бұл қалада сауданың жақсы дамығанын білдіреді. Ал К.М.Байпақов, Б.Е.Көмеков, К.А.Пищулиналардың 7-8-сыныпқа арналған орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кітабындағы Ұлы Жібек жолының Ортағасырлардағы Қазақстандағы байланысына қарағанда Қарашық қаласы өте жақсы сауда қаласы болғандығын көреміз. Сол кітаптағы картаға қарағанда Қарашық қаласы ортағасырлық дамыған қалалардың бірі және басқа қалалардан келген тауарлар осы қалада жақсы өткенін білеміз. Жібек жолының бойындағы аты шыққан қалалардың бірі Испиджап қаласы сол қаладан бұл жол қазіргі қала Шымкентке келген, бұл қаладан өтіп Отырарға ұласқан. Отырар қаласынан кейін Қарашық «Төрткүл төбе» қаласына келген жол бар. Қарашық қаласынан кейін Қарнақ қаласына кеткен жол бар, тағы бір жол Сауран қаласына өткен жол бар. Қарашық қалашығы 3 жолды біріктіріп тұрғандықтан орталық сауда қаласы деп есептеуге әбден болады.



Ұлы Жібек жолындағы Ортағасырлық қалалар.

Қазба 1. Цитадельге салынған бұл қазбаның көлемі 23x17м, ол солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған. Қазбаны жүргізу барысында жер бетінен (репен нүктесінен) 0,25-0,3м тереңдіктен бірнеше ошақ орындары ашылды. Оларды қоршаған құрылыс қалдықтары жоқ, соған бұл ошақтар цитадельдегі тіршілік тоқтап, құрылыс орындары құлап, көміліп қалғаннан кейін барып уақытша жағылған от орындары болса керек. Олардың көлемдері (орны) 30-50 см шамасында, кейбір ошақтардың орны қызғылт түсті, ал енді біреулері білінер-білінбес қана.

Қазбаны онан әрі тереңдетудің барысында жер бетінен 0,8-1м тереңдікте 13 бөлме ашылды, олар солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған бұрышты құрылыс кезеңіне қатысты қабырғаның екі жағын ала орналасқан. Бөлмелер көлемдері 44x27x10-11, 48-47x24x10-1 Ісм кесектен қаланған. Қазба кезінде ашылған бұл бөлмелер XIII-XIV ғғ. кезіндегі құрылыс қалдықтары. Қазба кезінде заттай деректер аз табылуына қарағанда, XIII-XIV ғғ кезінде орталық бөлігінде тіршілік бірте-бірте саябырсып, қалада тұрғындары орталық бөліктің жекеленген аудандары мен қала сыртындағы шаруашылық аймағында ғана өмір сүрген.

Қазба 2. Қарашық қаласының солтүстігінде рабаттың қорғаныс камалынан 50 м қашықтықтағы шаруашылық аймағындағы, көлемі 30x20 м, биіктігі 2 м төбешікте салынды, көлемі 10x6 м. Жер бетінен 20 см тереңдіктен, қыш күйдіретін 5 құман (ошақ) құрылыстары тазаланды. Құмандардың жоғары жағы бұзылып кеткен, кейбір құмдардың тамдардың отханасымен ыстық ауаны күйдіру камерасына шығаратын тесіктері ғана сақталған. Қазба кезінде құмандар жанынан бояусыз, қатты күйіп, балқып кеткен ыдыс сынықтары табылады. Олардың басым көпшілігі көзе сынықтары. Табылған ыдыс сынықтары жасалу технологиясының үлгісіне қарағанда XIII-XIV. ғ кездегі ыдыстар. Құмандар құрылымы жағынан XIII-XV кезінде Отырарда ашылған пештерге ұқсас болып келген. Әрбір мұғалім тарихи жерлерге бай өлкені таныстыру үшін саяхаттар ұйымдастыру керек. Және бұл жерден «Ұлы Жібек жолы» болуы керек.



Қазба жұмыстары барысында табылған бұйымдар.

Яғни табылған шынды ыдыстардың сынықтары содан дерек береді. Керуен Отырардан кейін Түркістан және «Төрткүл» төбе жанынан өткен болуы керек. Бұл жерды қазірде Атрабат деп аталады. Соған қарағанда бұл жерде керуен тоқтап өткен және сол жерде жылқылар сатылған болуы керек. Ондай дегеніміз, бұл жерден жылқы сүйектері көптеп табылған.

Қазба кезінде көптеген ыдыстар сынығы табылды. Бұл ыдыстарға қолдан түрлі безендірулер берілген. Және құмандар жанынан бояусыз, катты күйіп, балқып кеткен ыдыс сынықтары табылды. Олардың басым көпшілігі көзе сынықтары. Табылған ыдыс сынықтары жасау технологиясына үлгісіне қарағанда XIII-XIV ғғ. кезеңдегі ыдыстар. Құмандар құрылымы жағынан XIII-XV ғғ. кезінде Отырарда ашылған пештерге ұқсас болып келген 1 сурет. Және бұл жерден адам басының сүйектерін табылған.. Жас баланың бас сүйегі болса керек.



Жас баланың бас сүйегі.

Рабаттың солтүстік - шығыс және оңтүстік - батыс қабырғаларының ұзындығы 400 м, ал солтүстік - батыс, оңтүстік - шығыс қабырғаларының ұзындығы 400-460 м, биіктігі 3-4 м . Рабатты қоршаған жалдың ені 10-15 м, биіктігі 1,5-2 м. Жалдағы мұнара орындарының қазіргі биіктігі 1-1,5 м, олар төбе -төбе болып жатыр.

Рабатқа кіретін солтүстік және оңтүстік қақпа орындары сақталған. Солтүстік қақпа солтүстік-шығыс қабырғаның ортасында (шахристанның қақпасынан солтүстікте), ал оңтүстік қақпа болса рабадтың оңтүстік бұрышына жақын жерде орналасқан.

Рабаттың сыртында әртүрлі көлемдегі құрылыс орындары кездеседі, олар әсіресе рабаттан солтүстік-батыста, оңтүстік-батыста сақталған. Бұзылып кеткен құрылыс орындары орталық бөліктен солтүстік-шығыста, шығыста және оңтүстік шығыста Қарашық өзеніне дейінгі аралықта кездеседі, үлкенді-кішілі құрылыс орындарының қаланың орталық бөлігін сырттай қоршап жатуына карағанда, олар қаланың шаруашылық аймағында орналасқан құрылыс қалдықтары болса керек. Жергілікті тұрғындардың айтуына карағанда олар ХХ ғасырдың 70-80-жылдарда жүргізілген әртүрлі шаруашылық жұмыстары кезінде бұзылған.Рабатқа кіретін солтүстік және оңтүстік қақпа орындары сақталған. Солтүстік қақпа солтүстік-

шығыс қабырғаның ортасында (шахристанның қақпасынан солтүстікте), ал оңтүстік қақпа болса рабаттың оңтүстік бұрышына жақын жерде орналасқан.

Рабаттың сыртында әртүрлі көлемдегі құрылыс орындары кездеседі, олар әсіресе рабаттан солтүстік-батыста, оңтүстік-батыста сақталған. Бұзылып кеткен құрылыс орындары орталық бөліктен солтүстік-шығыста, шығыста және оңтүстік шығыста Қарашық өзеніне дейінгі аралықта кездеседі, үлкенді-кішілі құрылыс орындарының қаланың орталық бөлігін сырттай қоршап жатуына карағанда, олар қаланың шаруашылық аймағында орналасқан құрылыс қалдықтары болса керек. Жергілікті тұрғындардың айтуына карағанда олар ХХ ғасырдың 70-80-жылдарда жүргізілген әртүрлі шаруашылық жұмыстары кезінде бұзылған.

Нұсқасында төртбұрышқа ұқсас, бұрыштары доғалданып келген шахристанның ұзындығы (солтүстіктен оңтүстікке қарай) 220 м, ені (шығыстан-батысқа қарай) 135-200 м, биіктігі 8-9 м, Шахристанға кіретін екі қақпа орны сақталған, олардың бірі-солтүстік қабырғаның ортасында, ал екіншісі - оңтүстік қабырғада (оңтүстік- батыс бұрышқа жақын жерде) орналасқан . (1 сурет)

Солтүстік қабырғаның ортасында қақпа ені 10-15 м, ұзындығы 100м тереңдігі 5-6 м шамасында келетін терең сай болып жатыр, ол шахристанның етегінен бастап, оңтүстікке қарай бірте-бірте биіктей береді және оның солтүстік жағын екіге бөліп тұр. Қақпаның шығыс жағындағы бөліктің үсті біршама тегіс, онда төртбұрышты болып келген төрткүлдің құландысы сақталған, ал қақпадан батыстағы ең биік бөлікте цитадель орналасқан.

Оңтүстік қабырғадағы қақпаның орны да сай болып жатыр, шахристанның оңтүстік етегінен басталған ені 10-15 м, ұзындығы 50м. Шахристандағы қоршаған сайдың ені оңтүстігі мен батысында 10-15 м, шығысында 30-40м, ал солтүстігінде 50-60 м, тереңдігі 1-2м. (2 сурет)

Цитадель шахристанның солтүстік-батыс бұрышын алып жатыр, көлемі 40x40 м, оның шахристан деңгейінен биіктігі 1,5-2 м. Шахристан мен цитадельді сырттай қоршап жатқан рабат төртбұрышты, бұрыштары әлемінің төрт жағына қарай бағытталған. Рабаттың солтүстік — шығыс және оңтүстік — батыс қабырғаларының ұзындығы 400 м, ал солтүстік - батыс, оңтүстік - шығыс қабырғаларының ұзындығы 400-460 м, биіктігі 3-4 м. Рабатты қоршаған жалдың ені 10-15 м, биіктігі 1,5-2 м. Жалдағы

мұнара орындарының қазіргі биіктігі 1-1,5 м, олар төбе -төбе болып жатыр.

Біздің өлкеміздің өзіне лайық тарихы бар. Өлкеміздің тарихи жерлерінде көптеген төбелер кездеседі. Әрбір төбенің өзіне лайық тарихы бар.

Біз осы мақсатқа орай құрылған «Жас археологтар» ұйымымен көптеген табыстарға қол жеткіздік. Сондай төбелердің бірі аулымыздан 5-6 шақырым оңтүстік - батысқа орналасқан «Төрткөл» немесе, «Қырық қапқалы Қарашық» төбесі. Бұл төбеде кімдер өмір сүрген, қашан құрылған, қашан дамыған, олар немен айналысқан және не үшін жоқ болып кеткенін зерттеу мақсатында, 2003 жылдың 11 сәуір күні экспедицияға шықтық. Қазіргі уақытта бұл жер «Атрабат» деп аталады. Атрабат-сөзінің мағынасына келер болсақ, «Ат»-жылқы, ал «рабат» дегеніміз негізі «рах+бат» деген екі атаулы сөздің кіріге біріккен түрі болып «Жолдағы аялдама», немесе жол үстіндегі меже яки «мейманхана» және «керуенсарай» деген мағынаны білдіреді. Ал «бат»-сөзі көне соғды тіліндегі мекен-жай мағынасын білдіреді.



Қаланың бір бөлігі.

Қорытынды.

Ойымызды қорытсақ , адам баласы миллиондаған жылдарды кұрайтын өзінің тарихында тек бір бағытта дамып, ежелгі, орта және жаңа заман дәуірлерін басынан кешіріп қазіргі заманға жетіп отыр.

Адамзаттың осы жүріп өткен ұзыннан-ұзақ өмір жолы тарих деп аталатыны белгілі. Ал археология - тарих ғылымының саласы, алғашқы қауымнан , көне заманнан, орта ғасырдан қалған заттай ескерткіштерді зерттеу арқылы адам қоғамының өткендегі тарихын анықтайды.

Қазақстан тарихи-мәдени ескерткіштерге бай, солардың бірі «Қырық қақпалы Қарашық» қалашығы. Мемлекетіміздің президенті Н.Ә.Назарбаев 2005 жылы 18 ақпандағы Қазақстан халқына жолдауындағы «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыруды, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет деген болатын. Осы жолдауға байланысты мен де туған өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштерін, тарихи-археологиялық бағытта шешілмеген көптеген түйіндерді шешуге өз үлесімді қосқым келеді.

Біздің бұл ортағасырлық қаламыздың ашылмаған сырлары әлі де көп. Бұл қала 2001 жылы қазан, қараша айларында зеріттелген, одан кейін қаржының жетіспеушілігінен зерттеу жұмыстары тоқтатылған. Соның өзінде қаланың бірнеше тарихи белгісіз жақтары ашылған. Егер осы ортағасырлық қаланың зерттеу жұмыстары өзінің жалғасын тапса, біздің тарихымызға көптеген жаңалықтар енетіні сөзсіз. Осындай тарихқа бай жерлерді зерттеп, оның тарихын паш ете отырып, ертеңгі ұрпаққа мирас боларлықтай өзіндік тарихын, мәдениетін сақтап, оны келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыру, оған үлес қосу еліміздің әрбір азаматының міндеті болып есептеледі. Ұлт тарихы, мәдениеті осы сияқты кішкене ғана зерттеулерден келіп кұрылатыны сөзсіз. Ал оның ары қарай ұмытылмай таралуы, жандануы бүгінгі ұрпаққа аманат.

2008-2009 жылғы жоспар.

Үйірме өткізілетін орын және формасы	Мазмұны	Өтілетін уақыты
1. Тарих кабинет	1. Мектеп « Жас археологтар» үйірмесінің бір жылдық іс жоспары мен қатысушыларды таныстыру 2. Үйірмеге қатысушылар арасында жұмыстарды бөліп беру.	Қыркүйек
2. Тарихи орындарға экскурсия	1. Ауылдағы тарихи орындарға экскурсия жасау олардың тарихын үйрену 2. Үйірмеге қатысушылармен еңбекке қызығушылығын арттыру туралы сұхбат өткізу	Қазан
3.	Экскурсия кезінде жиналған материалдар, күнделіктерді қайта істеу, экскурсияны қорытындылап альбом дайындау.	
4. Тарихи орындарға экскурсия	Үйірме қабырға газеттері үшін материалдар жинау	Қараша
5. Тарих	Экскурсия кезінде жиналған материалдарды қайта жасап шығу.	Желтоқсан

6. Тарих кабинеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тарихымызды жақсы білетін археологтар немесе қарттармен кездесу. 2. Баяндама дайындау. 	Ақпан
7. Тарих	<ol style="list-style-type: none"> 1. Экскурсия материалдарын қайта қарау, жинақтау. 2. Археология жаңалықтарынан хабардар болып отыру.. 	Наурыз
8. Тарихы орындарға экскурсия	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өзі туратын жерлерге жақын орналасқан тарихи ескерткіштермен таныстыру. 2. Өлке тарихы туралы сұхбат өткізу. 3. Үйірмеге қатысушылардың жыл бойы дайындаған альбом, рефераттар, көрнекі құралдарының көрмесін өткізу. 4. Үйірмеге қатысушылардың жазғы дем алыста атқаратын жұмыстары туралы тапсырма беру. 	Сәуір

Ұсыныс .

Менің ұсынысым - осы өлкені мекен етіп, елімізді, жерімізді сақтап қалған бабаларымыздың тұрмыс - тіршілігінен көп мағлұматтар беретін осынау таңбалы тастарды қорғау шаралары жүзеге асырылса.

Оны келешек ұрпаққа мәңгі мұра етіп қалдыру үшін ғылыми - зерттеу орталығы археологиялық институтымен бірігіп , осы өңірге қайтадан кешенді түрде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Маргулан Ә., Бәсенов Т., Мендіғұлов М. Қазақстан архитектурасы. - Алматы: Қазмембас., 1959 -1726;**
- 2. Байпақов К.М., Нуржанов А.
Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. - Алматы:
Қазақстан, 1992 - 208 б.**
- 3. Қазақстан археология зерттеулері: Марғұлан оқулары - Н
ғылыми - практикалық конференциясының. - Шымкент-
Алматы ЮКГУ им. М.Әуезова, 2002ж.**
- 4. Смағұлов Е., Григорьев Ф, Итенов А,
Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана
Ғылым., 1999-2326.**
- 5.Түркістан тарихи мен мәдениеті.2000ж.128-132-6**
- 6.Қазақстанның ежелгі қалалары.151-305б.**
- 7.7-сынып Қазақстан тарихы.**
- 8.Интернет WWW .Googol. ru**
- 9.Қарашық қалашығы.**
- 10.Қарашық Төрткүл төбе.**

мәдениеті осы сияқты кішкене ғана зерттеулерден келіп құралатыны сөзсіз. Ал оның ары қарай ұмытылмай таралуы, жандануы бүгінгі ұрпаққа аманат.

The summary.

The scientific work about research on the theme «Karachik are Forty Gate». The aim of this scientific work to leave memory to future generation to wake education patriotic love for one s country, value skill native land period of prosperity.

The work scientific on the whole is devoted to ancient research history of village to research summits historical. Which is situated near the village and still developing of culture archives render assistance to development of museums.

In the work describing wares of XII-XVII centuries hand made and productions of the work shop Karachik.

The research was spent methods various. Sometimes used methods historic . The results of the given works open a way in the school Kazakhstan research to learn development of hand made and productions wares of XIII-XVII sentries development art, making dishes from ceramics, of jewelry wares and sculpture. We'll leaving the memory about our history and culture to the future generation proving not losing and objectivity half history safety before to our era

For continue not forgetting and to develop we trust to new generation this mission.

Аннотация.

Научная работа проведено об исследовании на тему «Средневековый Карашик». Цель этой научной работы оставить память будущему поколению. Пробудить патриотическое воспитание, любовь к родине, умение оценить родную землю периода процветания.

Научная работа в целом посвящена к исследованию старинной истории города к исследованию исторической вершины, которая находится вблизи аула и еще развивая архивы культуры, оказать содействие к развитием музеев.

В работе описываются ручные и производственные изделия XII –XVII веков, создание мастерской «Карашык»

Исследования на основе работа было проведено на методим анализа. Иногда используется метод исторического исследование. Результаты данной работы открывают путь в Казахстанской школе, исследуя, узнать развитие учной и производственной изделия XIII-XVII веков также развитие искусство сделанные посуды из керамики, ювелирные скульптура. Наряду этим уточняет..... и уровень развития строительство, виды развития сельскохозяйство. Открывая историю города, оставляем память будущему поколению о своей истории и культуре доказывая испотеренности и объектенности, сохранности хотя половины истории до настоящего времени.

История нации культуры состоит из таких маленьких исследований. Мы доверяем новому поколению эту миссию, чтобы они продолжали развивать не забывая ее.

The summary.

Ecological problems in Turkistan.

Object: I wrote down the ideas about the ecological problems of my region Are people happy to live there? In my opinion the people of the region are not happy to live there because there are a lot of ecological problems example: In Turkistan